

Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне білім беруге бөлінетін 2007 жылға арналған республикалық бюджеттің ағымдағы нысаналы трансферттерін пайдалану ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 ақпандағы N 126 Қаулысы

"2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 19-бабын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне білім беруге бөлінетін 2007 жылға арналған республикалық бюджеттің ағымдағы нысаналы трансферттерін пайдалану ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттердің бекітілген сомаларын аударуды;

2) облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану мониторингін қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) ағымдағы нысаналы трансферттердің бөлінген сомаларын уақтылы және мақсатты пайдалануды ;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне 25 ақпанға дейінгі мерзімде осы қаулымен бекітілген Ереженің 5-тармағында көзделген ақпаратты ұсынуды ;

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне есептіден кейінгі айдың 5-күніне дейін ағымдағы нысаналы трансферттердің бөлінген сомаларының пайдаланылуы туралы есептер ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 20 ақпандағы
N 126 қаулысымен

бекітілген

Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне білім беруге бөлінетін 2007 жылға арналған республикалық бюджеттің ағымдағы нысаналы трансферттерін пайдалану ережесі

1. Осы Ереже республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді мынадай республикалық бюджеттік бағдарламалар бойынша пайдалану тәртібін а й қ ы н д а й д ы :

015 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы т р а н с ф е р т т е р " ;

026 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне арнайы (түзету) білім беру ұйымдарын арнаулы техникалық және орнын толтыру құралдарымен қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

028 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердің үлгілік штаттарын ұстауды қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

029 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жаңадан пайдалануға берілетін білім беру объектілерін ұстауға берілетін ағымдағы н ы с а н а л ы т р а н с ф е р т т е р " ;

033 "Облыстық бюджеттерге балалардың тестілеу пункттеріне жеткізуді, онда тамақтандыруды және онда тұруын ұйымдастыруға берілетін ағымдағы нысаналы т р а н с ф е р т т е р " ;

034 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерді Интернетке қосуға және трафигіне ақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

035 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне орта білім беретін мемлекеттік ұйымдардың кітапхана қорларын жаңарту үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуға және жеткізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" (оның ішінде кіші бағдарламалар бойынша):

100 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне орта білім беретін мемлекеттік мекемелердің кітапхана қорларын жаңарту үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуға және жеткізуге берілетін ағымдағы н ы с а н а л ы т р а н с ф е р т т е р " ;

101 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының кітапхана қорларын жаңарту үшін мемлекеттік тілді зерделеу жөніндегі оқу, анықтама және электронды әдебиет сатып алуға және жеткізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

036 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне

жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиалық кабинеттер құруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

037 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жалпы бастауыш кәсіптік білім беретін мемлекеттік мекемелердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

038 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне облыстық (қалалық) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру институттарының педагог қызметкерлерін қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

039 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне облыстық (қалалық) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру институттарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

076 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне білім беру саласындағы мемлекеттік жүйенің жаңа технологияларын енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2007.07.30. N 644 Қаулысымен.

2. Ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына және мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2007 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында бекітілген бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелердің сандық көрсеткіштеріне сәйкес 25 ақпанға дейінгі мерзімде:

1) техникалық ерекшеліктерін көрсете отырып, арнаулы техникалық және орнынт олтыру құралдарының;

2) оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің;

3) мемлекеттік тілді зерделеу жөніндегі оқу, электронды және анықтама әдебиетін;

4) бастауыш кәсіптік білім беретін мемлекеттік мекемелердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға арналған жабдықтардың;

5) облыстық (қалалық) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру институттарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға арналған жабдықтардың;

6) ұлттық бірыңғай тестілеуді жүргізу пункттерінің;

7) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау курстары тақырыптарының тізбесін айқындайды.

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім беру саласындағы мемлекеттік жүйенің жаңа технологияларын енгізу жөніндегі тауарлар мен қызметтерді

сатып алуға лингафондық және мультимедиалық кабинеттерді, физика, химия, биология кабинеттерінің оқу жабдықтарын мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстарды бірыңғай ұйымдастырушы болады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2007.07.30. N 644 Қаулысымен.

5. Астана және Алматы қалаларының білім департаменттері (басқармалары), аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) білім бөлімдері 25 ақпанға дейінгі мерзімде лингафондық және мультимедиалық кабинеттердің, физика, химия, биология кабинеттерінің оқу жабдықтарының соңғы алушыларын айқындайды және оларды пайдалану мониторингін жүзеге асырады.

6. Облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім департаменттері (басқармалары) тоқсан сайын есептіден кейінгі айдың 5-күніне дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі белгілеген нысан бойынша лингафондық және мультимедиалық кабинеттерді, физика, химия, биология кабинеттерінің оқу жабдықтарын мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың жасалуы және орындалуы туралы есептерді ұсынады.

7. Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне:

1) мемлекеттік білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға, оның ішінде жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердің кітапхана қорларын жаңарту үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді және мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының кітапхана қорларын жаңарту үшін мемлекеттік тілді зерделеу жөніндегі оқу, анықтама және электронды әдебиет сатып алуға және жеткізуге, ұлттық бірыңғай тестілеуді жүргізуге, педагог кадрлардың біліктілігін арттыруға, лингафондық және мультимедиалық кабинеттерді құруға, физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдықтарымен жарақтандыруға бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың негізінде жүзеге асырылады;

2) үлгі штаттарға сәйкес мемлекеттік білім беру ұйымдарын жинақтау әкімдіктердің білім беру ұйымдарын жете жинақтау туралы қаулыларының негізінде жүзеге асырылады;

3) Интернет желісіне қосу әкімдіктердің Интернет желісіне қосуға жататын мектептердің тізбелерін бекіту туралы қаулыларының негізінде жүзеге асырылады;

4) жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін ұстау әкімдіктің қаулысымен бекітілген пайдалануға берілген білім беру объектілерін іске қосу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ағымдағы нысаналы трансферттер күрделі сипаттағы шығыстарды қоспағанда, жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін ұстауға байланысты ағымдағы шығыстарға бөлінеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК